

# Өткірлік өресі


Мен Сейіт ағайды балаң кезімнен – ақ білетінмін. Біз бір елдің адамдарымыз ғой. Жас шағынан елге танымалы тілші болды. Ол кісінің жазғандары тартымды болғасын жұрт іздеп жүріп, құмартып оқитын. Облыстық, республикалық газеттерде жанымызға жақын дүниелері жарқ ете қалғанда жанымыз жадырайтын.

Сейіт Кенжеахметұлы ағамыз жастайынан көп ізденіп, көкірек көзін ерте ашқан жан. Туған халқына бар қажыр-қайратын аямай жұмсап, еңбек етіп, артында өшпес із қалдырғаны баршаға аян. Ол кісі – қаламы жүйрік тілші, дарынды сықақшы ақын, қарымды қаламгер еді. Бір сөзбен айтқанда, сегіз қырлы бір сырлы өнер иесі атанды.

Өз халқының мәдени мұрасы – салт-дәстүрін зерттеп-зерделегені ағамызды ғалым ретінде қазақ жұртының танып білуіне мүмкіндік берді. Сондай еліне еңбегі ерекше елеулі болған ардақты арысымыздың туғанына 85 жыл толып отыр. Тілін сүйетін, өнерін қастерлейтін, дәстүрін дәріптейтін халқымен бірге өрелі өнері жалғасын таба берсін.

Сейіт Кенжеахметұлы ағамыздың тағы да бір ескерусіз қалдыруға болмайтын қыры, ол – ел аузында жүрген күлдіргі сөздері. Бұл өнері де жұртшылыққа жағымды болғасын насихатталып келе жатыр.

Бірде Сейіт ұстазымыз Арқалық қаласындағы білім жетілдіру орталығына барады. Оқыту бөлмесінде алдыңғы жақта отырған бойжеткеннен: “Қалқам, қай бала боласың?” – деп сұрайды. Қыз:



“Ағай, сіз мені танымайсыз, мен Крупскаяның қызымын,” – депті. Сонда Сейіт ағай: “Қой, қалқам Лениннің сендей баласы бар деп естіген жоқ едік қой,” – депті.

Тағы бірде кітап дүкенінде сатушы бойжеткенге сықақшы ағамыз: “Есіміңізді еске сала қойсаңыз,” – дегенде, мен Розамын ғой, аға”, – десе, ә, қалқам бұрынғы атың екен ғой”, – депті ағасы.

Ол кісі әзіл сөзге келгенде іркелмей көсілетін айтқыштығы күшті жан еді.

Қадау-қадау айтылған сөздерінде Сейіт Кенжеахметұлының пайым-парасатының қаншалықты зор тұлға екенін көреміз.

Сықақшы ақынның:

“Күле білу – өмір,  
Күлдіре білу – өнер,  
Күлкі болу – өлім” –

деген даналық сөздерімен мен өз ойымды шиырайын, құрметті халайық.

Қуанышбек ҚАЗЫМБЕКОВ,  
республикалық  
жыршылар байқауының  
бас жүлдегері